

Мынау қай ел?



Бұл қандай жыртқыш аң?



Saltan Saparbayev



Astana - Almaty
7th ASIAN WINTER GAME
2011



КАЗАКСТАН
БАРЬСЬ

Қазанның он бесі

Сабақтың тақырыбы:
«Қазақстан барысы»
мультфильмі

Сабақтың мақсаты:

Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау,
(«Қазақстан барысы» мультфильмінің
мазмұнын түсіну)

Жаңа сөздер:

- * Ептілік – ловкость
- * Төзімділік-выносливость
- * Аяқтан шалу-подставляют ногу
- * Қабан-Кабан
- * Арқар-архар
- * Борсық-борсук
- * Мүйізтұмсық-носорог
- * Жариялады-объявил
- * Ақырады-громко кричит
- * Ырылдайды-рычит

Тыңдалым. Оқылым.

3-тапсырма, 63 бет. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

(Прочитайте текст. Ответьте на вопросы)

Ерте, ерте, ертеде бүркіт: «Кім күшті?» деген қазақша күрестен сайыс өткіземін», — деп жан-жануарларға жар салыпты. Аю, жолбарыс, қасқыр, қоян, барыс, арқар мен борсық сайысқа қатысуға дайындала бастайды.

Атасы барысты сайысқа дайындайды.

— Бұл жарыста жеңіске жету оңай емес, балам! Сайыста күшті болу керек, бірақ епті болған одан да пайдалы. Осыны ұмытпа! — деп, атасы барысқа ақыл айтады. Барыс сайысқа қатысу үшін көп жаттығады.

Сонымен, сайыс күні де келіп жетеді. Бүркіт, қабан, таутеке төреші болады.

— Сайыс жарыста жеңген аңның атымен аталатын болады, — деп бүркіт жариялайды.

Қасқыр мен қоян, арқар мен борсық, аю мен қабан, барыс пен келес күреседі. Қоян қасқырды, аю қабанды, борсық арқарды, барыс келесті жеңеді.

Жартылай сайыста аю мен қоян, барыс пен борсық күреседі. Аю қоянды, барыс борсықты жеңеді де аю мен барыс шешуші сайысқа шығады.

Барыс аюмен күреседі. Ол атасының айтқан ақылын есіне түсіреді де ептілікпен өзінен күшті аюды аяқтан шалып жеңеді.

Сөйтіп, барыс ептілік пен төзімділік көрсетіп, жеңімпаз атанады. Содан бері қазақша күрестен болатын сайыс барыстың атымен аталатын болды.

1. Бүркіт қандай жарыс өткізбенші болды?
2. Жарысқа қандай аңдар қатысты?
3. Барыс жарысқа қалай дайындалды?
4. Оған атасы қандай ақыл айтты?

5. Жарысқа қай аңдар төреші болды?
6. Жартылай сайысқа қай аңдар шықты?
7. Шешуші сайыста қай аң жеңді?
8. Сайыс қай аңның атымен аталатын болды?

Оқу тапсырмалары:


7 -тапсырма.
Ақпараттың дұрыстығын тексер,
айт.

№	Ақпарат	Иә	Жоқ
1	Атасы аюды сайысқа дайындайды.		
2	Бүркіт, қабан, таутеке төреші болған жоқ.		
3	Қасқыр мен арқар, қоян мен борсық, аю мен қабан, барыс пен келес күреседі.		
4	Аю қоянды, барыс борсықты жеңеді де аю мен барыс шешуші сайысқа шықпайды.		
5	Барыс ептілік пен төзімділік көрсете алмады.		
6	Содан бері қазақша күрестен болатын сайыс барыстың атымен аталатын болды.		


«Болжамақ» стратегиясы



Сайысқа қандай жұптар қатысады?



Жартылай сайысқа кімдер шығады?



Шешуші(ақтық) сайысқа кімдер шығады?



Мына сурет туралы айталасыздар?



«Қазақстан барысы» мультфильмі

Оқу тапсырмалары:

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Сөздерге тиісті қосымшаларды жалғап жаз.

Бірде аю, жолбарыс, қасқыр, қоян, арқар мен борсық жарыс... (-ге, -қа, -ке) дайындалады. Ал барыс... (-ны, ты, -ті) жарысқа атасы дайындады. Атасы барысты ептілік... (-на, -ке, -қа) үйретті. Барыс аю... (-пен, -мен, -бен) күреседі. Ол аю... (-ты, -ді, -ды) аяғынан шалады. Барыс ептілік... (-дың, -тің, -тың), төзімділік... (-дың, -тың, -тің) арқасында жеңіске жетті.